



*Деңгейлеп-саралап  
оқыту технологиясы*





Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

# *Жаңа технологиялар:*

Ойын технологиясы.

Проблемалы оқыту технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Деңгейлік саралау технологиясы.

Жекелеп оқыту технологиясы.

Оқытудың компьютерлік технологиясы.

Презентациялар технологиясы.

Кезеңдеп оқыту технологиясы.

Жеке пәндік педагогикалық технология.

Альтернативті технологиялар.

Өзіндік дамыту технологиясы

Дамыта оқыту технологиялары

Авторлық мектептер педагогикалық технологиялары.

Модульдік оқыту технологиясы.

Жаңа технологиялар ішінде деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы маңызды орын алады.

Осы технологияны 3 ғалым ізденіп, зерттеген. Олар: Н. П.Гузик, Ж.Қараев, Г.Ғ.Еркибаевалар.

Деңгейлеп оқыту идеясының авторы **Н.П.**

**Гузик** сыныптағы оқушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да А, В, С – үш деңгейге бөлуді ұсынады.

- «А» – бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып оқушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгереді. Материалды алғаш меңгеру жұмыстарының бұл деңгейінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол материалдың сан рет қайталануын, мағыналық топтарды бөлу, негізгі ойды табу дағдысын, есте сақтау тәсілдерін білуді, т.с.с. талап етеді.
- «В» – бағдарламасын орындамас бұрын «А» бағдарламасындағы тапсырмаларды әрбір оқушы орындауға міндетті. «В» – бағдарламасын қолдануға арналған есептерді орындау үшін қажет, ол оқушылардың оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағдарламаға бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін, нақтылайтын ұғымның қолданылуы мен жұмыс істеуін көрсететін қосымша мәліметтер енгізіледі. Бұл деңгей мәліметтер көлемін кеңейтіп, негізгі материалды терең түсінуге көмектеседі.
- «С» – бағдарламасының орындалуы оқушыларды алған білімді шығармашылықпен қолданылатын деңгейге көтереді. Бұл бағдарлама оқу жұмысы мен ой-әрекетінің тәсілдерін және деректі оқу материалын еркін игеруді көздейді. Өз білімімен мәселелер шешуде оқушыға оның логикалық ойлауын дамытатын мәліметтер беріп оны шығармашылықпен қолдану перспективасын ашады. Оқушыға өзін қосымша жұмыста көрсетуге мүмкіндік береді.

- «А» – бағдарламасы оқытудың міндетті нәтижесіне сәйкес келеді.
- «В» – бағдарламасы оқулықтан қосымша есептер мен жаттығулардың енгізілуін көздейді.
- «С» – бағдарламасы қосымша оқу-әдістемелік әдебиеттерден алынған тапсырмалардан тұрады.
- Әр пәндегі оқу бағдарламасын таңдау оқушының өзімен ойласа отырып жүргізіледі. Әрбір тақырып бойынша өткізілетін сабақтар кезектесіп келетін бес типтен құралады.

- Бірінші – тақырыпты жалпы талдау сабақтары (оларды лекциялар деп атайды).
- Екінші – қиыстырылған семинар сабақтарда оқушылардың өзіндік жұмысының процесінде оқу материалдарының тереңдей талдануы. Мұндай сабақтар бірнеше рет (3-5 дейін) өткізіледі.
- Үшінші – қорытындылау және білімді жүйелеу сабақтары.
- Төртінші – материалды пәнаралық қорытындылау сабақтары (оларды тақырыпты қорғау сабақтары деп те атайды).
- Бесінші – пратикум сабақтар.
- Барлық оқушы білім стандарты деңгейін толық игергеннен кейін ғана жаңа материалға ауысу жүзеге асырылады. Жалпы сыныптық, топтық және жеке жұмыстар арасындағы үйлесушілік базалық стандарт деңгейінде оқушылар біліміндегі ақаулықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың біліміндегі ақаулықтарды жою үшін олармен сыныптан тыс жеке жұмыстар жүргізуге тура келеді. Әр пәнді деңгейлік бағдарламаны таңдау оқушының өзіне ұсынылады. Осылайша ортақ базалық білім минимумы қамтамасыз етілуімен қатар әр жеке тұлғаның шығармашылық дамуына де кеңістік ашылады.

Білімді бақылау кезінде деңгейлеу тереңдей түсіп, әрбір оқушының жетістігі есепке алынады. Яғни білім берудің буындары; түсіндіру, бекіту, тексеру барлығы деңгейлеп жүргізілуі тиіс.



## Кесте-1

Деңгейлеп туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделген

<b>Кезеңдер</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>
<b>Диагностикалық кезең</b>	Оқушылардың білім деңгейін диагностикалау	Мұғаліммен бірлесе отырып оқу деңгейін таңдау
<b>Оқушыларды топқа бөлу</b>	Әр деңгей үшін оқу мазмұны мен қойылатын нақты талаптарды айқындау	Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу
<b>Оқытуды іске асыру</b>	Мұғалімнің материалды оқу топтарын беруі	өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруы
<b>Білімді меңгерту нәтижесін бағалау</b>	Атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша оқушыларды бағалау (Кері байланыстың дұрыс орнатылуы)	Нәтижелері бойынша өзара және өзін-өзі бағылауды жүзеге асыру

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды.

**Жауынбай Амантұрлыұлы Қараев** 1956 жылы туған, [Бейнеу ауданы](#) 1956 жылы туған, Бейнеу ауданы [Тұрыш ауылы](#) 1956 жылы туған, Бейнеу ауданы Тұрыш ауылы) – [ғалым](#) 1956 жылы туған, Бейнеу ауданы Тұрыш ауылы) – ғалым, физикалық-математикалық ғылыми докторы (1995). Халыққа білім беру ісінің үздігі. [Гурьев педагогикалық институттын](#) 1956 жылы туған, Бейнеу ауданы Тұрыш ауылы) – ғалым, физикалық-математикалық ғылыми докторы (1995). Халыққа білім беру ісінің үздігі. Гурьев педагогикалық институттын (Атырау университетті) бітірген (1978). 1978 – 82 жылы педагогикалық институтта [матанализ](#) 1956 жылы туған, Бейнеу ауданы Тұрыш ауылы) – ғалым, физикалық-математикалық ғылыми докторы (1995). Халыққа білім беру ісінің үздігі. Гурьев педагогикалық институттын (Атырау университетті) бітірген (1978). 1978 – 82 жылы педагогикалық институтта матанализ кафедрасында оқытушы, 1982 – 85 жылы Қазақстан ҒА математика және механика институттының аспиранты, 1986 – 89 жылы Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдары зерттеу институттында информатика бөлімінің меңгерушісі, 1989 – 92 ж институтт директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары, 1992 жылдан Алматы қалалық білімін көтеру және қайта даярлау институттының директоры болды. 2007 жылдан Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары. «ЭВМ және

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж. А. Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

## ***Міндеттері:***

*1. Ақпараттық және деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді әдістерін пайдалану арқылы білімге деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану нәтижесінде дарынды оқушыларды анықтау және олармен жұмыс істеу.*

*2. Оқушы жүрегіне жол табу арқылы сабақтардың әрбір сәтін қызықты, ұтымды өткізу. Оқушыларды тек берілген мәліметті тыңдаушы емес ізденуші, зерттеуші өз ойын еркін дәлелдей алатын, пікірін ортаға сала білетін жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқушының бойындағы ынтымақ-ықыласын жойып алмай, жеке дара қабілетінің дамуына мүмкіндік жасай отырып, қабілетін дамытып, шығармашылығын шыңдау...*

*3. Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке, жұпта, топта жұмыс істеу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын қалыптастыру, оқушылардың ойына ерекше құрметпен қарау. Оқушыларды өзін-өзі қадағалай алатын, іс-әрекетін ретімен орындап, өзін - өзі жетілдіретін шығармашыл, ізденімпаз тұлға қалыптастыру.*

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

- 1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;
- 2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- 3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Ж.Қараевтің деңгейлеп саралап оқыту технологиясында төмендегідей 4 деңгей көрсетілген:

**Бірінші деңгей-«үйренушілік».**( Репродуктивтік ) Оқушылардың жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп, қайталау үшін және алған білімдерін практикада қолдана білуге жаттықтырады. Берілген есептер мен тапсырмалар өмірмен, қоршаған ортамен байланыстырылған болуы керек. Мұнда оқушының қызығушылығына, таным бірлігіне назар аударылады.

**Екінші деңгей-«алгоритмдік».** Мұнда кері байланысқан функцияларды орындау үшін тексеру тапсырмалары, іріленген материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған, мазмұны өзгертілген жағдайға тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар ұлттық негізде құрылған, көбінесе танымдық және үйренушілік мәні бар тапсырмалар, мысалы, сөзтізбектер, ребустар, ойлауға арналған тапсырмалар беріледі.

**Үшінші деңгей - «эвристикалық».** Бұл деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек.

**Төртінші деңгей-«шығармашылық».** Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың білімділігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады.

## **Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:**

- Топ оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы
- Білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы
- Оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы
- Оқушылардың оқуға ынтасы мен мамандығына деген қызығушылығының артуы
- Оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы
- Оқушы белсенділігінің оянуы
- Алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы
- Оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы



# Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқытушыларға тиімділігі

Деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы

Оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі

Білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі

Оқушылардың жұмыстары әділ бағалануы

Оқушы мен оқытушының шығармашылық қызметін белсенді түрде дамытуы

Дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. І деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Әрбір оқушы І деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? - деген сұрақ туады. І деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолдананылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу.

- деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын оқу-тәрбие процесіне енгізіп және ғылыми-әдістемелік құжаттар мен ұсыныстармен қамтамасыз етсек, онда дәстүрлі оқытудың төмендегідей мәселелерін шеше аламыз:
  - - Оқушылардың 100 пайыздық үлгерімі қамтамасыз етіледі.
  - - Оқушылардың жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік туады (үй тапсырмасы азаяды).
  - - Оқушылардың оқу қызметтерінің нәтижелері әділ бағаланады.
  - - Оқушыларда сәтсіздік, қорқыныш, мазасыздық сезімі жойылады.
  - - Дарынды оқушылар дер кезінде анықталып, оларды дамытуға жағдайлар жасалады.
  - - Танымдық процестерді, оқушылардың таным қабілеттерін зерттеу әдістері жүйеленеді.
  - - Олимпиада, конференция жүлдегерлері, шығармашылық жұмыстардың жеңімпаздарының саны артады.

- **Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясының мазмұны.**
- Оқыту технологиясын пайдалану – оқушы ынтасын басатын, объективті емес, жіберген қателіктері үшін жазалауға бағытталған бағалау тәсілін өзгертуді талап етеді. Таным процесі үстінде кез келген тұлғаның белсендік көрсетуге, әлде бір себептермен қате жіберіп алған жағдайда оны өзі түзетуге құқығы бар болуы тиісті.
- Саралап, деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясында алынған нәтиже сәйкесті меңгеру деңгейлері түрінде анықталады. Бұл жағдай :
  - а) оқушының оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі;
  - ә) алынған нәтижені өлшеуге болатындығы;
  - б) оқу процесінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы;
  - в) бағалаудың жетелеушілік қасиеті;
  - г) дамыта оқытудың әдіс – тәсілдерін қолдануға ыңғайлы жағдайлар жасалуы, т.б. себептерге байланысты оқушының оқу материалын қажетті минимум деңгейінде меңгеруіне жағдай жасайды. Меңгерудің әр кезекті деңгейіне өтіп отырған сайын ынта, мотив, белсенділік, білік пен дағды да өсіп отырады. Ендеше оқыту технологиясын оқу процесіне енгізу – білім сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге оны көтеруге, тіпті басқаруды қамтамасыз етеді.
- Деңгейлік саралау негізіндегі педагогикалық технология мазмұнының ерекшелігі:
  - - жеке құрылымдарға бағдар беру;
  - - білім мазмұнының сипаты мен көлемі, оқу жоспарының, материалының, баяндау түрлерінің дидактикалық құрылымы.

- Бұл деңгейлердің тапсырмаларына төмендегідей талаптар қойылады:
- **I – деңгейдегі тапсырмаларға:**
- 1) жаттап алуға лайықталған болуы керек;
- 2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс;
- 3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек;
- **II – деңгейдегі тапсырмаларға :**
- 1) өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет.
- 2) оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады. Бұлар : логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.
- **III – деңгейдегі тапсырмаларға :**
- 1) танымдық – іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп , тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс;
- 2) әртүрлі әдіс, тәсілдермен шешілетін есептер;
- 3) өздігімен мысалдар мен есептер құрастыру және оны өздігімен шығару, өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергіліктіжағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекті құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар. Ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар.
- **IV – шығармашылық деңгей тапсырмалары:**
- 1) оқушылардың жинаған өмірлік тәжірбиесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін бомаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген.
- 2) олимпиадалық есептер;
- 3) берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, докладтар дайындау.

- **Г.Ғ.Еркибаеваның** деңгейлеп оқыту технологиясы жоғарыда айтқан ғалымдардан басқаша. Ол тапсырмаларды 3 деңгейге бөліп береді, бірақ оқушыларды білім деңгейге қарап 3 топқа бөледі.
- Бірінші топқа «4-5» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар береді.
- Екінші топқа «3-4» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға іздену түріндегі тапсырмалар дайындайды.
- Үшінші топқа «2-3» -ке оқитын оқушыларды топтастырып, оларға стандартқа сай тапсырмалар береді: сыныптағы барлық оқушылар орындай алуы қажет.

- I деңгей тапсырмаларыларын қазақ тілін әлі меңгермеген, қазақ тілінде сөздік қоры жеткіліксіз студенттерге беріледі.
- 1.Мәтінді оқып шығып, сөздік жұмысын жүргізу.Мәтіннен түсініксіз сөздерді тауып,түсіндірме сөздіктен мағынасын анықтаңыздар
- 2.Ауа райы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғатты қорғау тақырыбында лексикалық минимум құрастырыңыздар.
- Жыл мезгілдері, күн, ай, жыл аттары.
- **II деңгейдегі тапсырмалар** қазақ тілін таяз меңгерген, қазақ тілінде сөздік қоры жеткіліксіз студенттерге беріледі.
- Қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібін анықтаңыздар.
- 2.Мәтінді оқып шығып, мәтіндегі сөздердің орын тәртібін схема арқылы көрсетіңіздер
- Нақ осы шақ, ауыспалы осы шақтарға мысал келтіріңіздер.
- **III деңгейдегі тапсырмалар** қазақ тілін жақсы меңгерген, қазақ тілінде сөздік қоры жеткілікті студенттерге беріледі.
- Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.
- 2.Кеңес беру, кешірім сұрау, уақыт тақырыптарында қолданылатын сөздерден сөйлемдер құрастыру.
- 3.Құрастырған сөйлемдерді болымсыз етістікке айналдыру.

- **ІҮ деңгейдегі тапсырмалар** қазақ тілін жақсы меңгерген, қазақ тілінде сөздік қоры жеткілікті, қазақ тілінде еркін сөйлейтін студенттерге беріледі.
- 1.Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.
- «Менің сүйікті мезгілім» тақырыбында әңгіме жазу.
- Ата-анаңыздың достарыңызбен «би кешіне баруға рұқсат беруі», «тауға саяхатқа шығуға рұқсат етпеуі» тақырыптарына диалог құрастырыңыздар.
- Деңгейлеп оқыту технологиясы студенттердің білім деңгейіне қарай тапсырмалар орындау барысында, білім сапасы артады, қазақ тілі сабақтарына қызулығы қалыптастырылады.
- Жаңа технологиядағы ойландыру түрткілерге студенттер белсене жауап іздеп, оны да нақты, дәлелді, қысқа да, нұсқа жауап алуға студенттер әдеттендіріледі.
- Деңгейлеп оқыту технологиясының басты артықшылығы:
- – әрбір оқушының даму деңгейіне сай оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ететіндігі болып табылады;
- – деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың аздауы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асады. Топтарға бөлуде оқушылардың даму ерекшеліктерін қабылдау, ойлау, зейін, есте сақтау, т.б. ескеру керек;
- – мұғалім әрбір топ үшін талаптардың ара жігі айқындалған нақты жүйелерін құрып ұсынып отыруы тиіс. Оқушылар біліміндегі ақаулықтарды жоюға бағытталған жұмыстар уақтылы жүргізіліп отырылғаны жөн.



Сонымен, саралап, деңгейлеп оқыту технологиясының принциптері-оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамидын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

- **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**
- 1.Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 жыл.
- 2.Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы»./Тәрбие құралы. 2005 жыл, №4.
- 3.Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары./Ғылыми-практикалық жинақ. Алматы, 2008 жыл.
- 4.Искакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004 жыл.
- 5.Жадрина М.Ж. «ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы 2002 жыл.
- 6. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //Қазақстан халқына
- Жолдауы//, 28.02.2007.

- Орындаған: Серік Сандуғаш
- Тұрғынбек Нұрбибі



*Зейін қойып  
тыңдағандарыңызға  
рахмет!*

